

## **Консультациялық және заңгерлік қызметтер көрсетуге арналған жария оферта шарты**

Осы құжат «Должник Прав» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (ЖШС) (БСН: 230740019805) (бұдан әрі мәтін бойынша – Орындаушы) ресми ұсынысы (жария офертасы) болып табылады және Орындаушының заңгерлік қызметтер көрсетуінің барлық елеулі талаптарын қамтиды. Көрсетілетін заңгерлік қызметтердің құны:

– консультациялық және заңгерлік қызметтер көрсетуге арналған осы Жария оферта шартының №1 Қосымшасында көрсетілген.

### **1. Негізгі ұғымдар мен анықтамалар:**

**1.1. Консультациялық және заңгерлік қызметтер көрсетуге арналған жария оферта шарты** - Тапсырыс берушінің өзіне қатысты банкроттық рәсімін бастау мақсатында кейіннен уәкілетті органдарға жүгінуі үшін құқықтық (процестік) құжаттар топтамасын қалыптастыру жөнінде заңгерлік қызметтер көрсетуге арналған, офертаны акцептеу арқылы Орындаушы мен Тапсырыс беруші арасында жасалған шарт. Осы Шарт бойынша заңгерлік қызметтер көрсетудің шектері осы Шартқа қосымшада айқындалады және Тапсырыс берушінің іс жүзіндегі төлем қабілетсіздігіне байланысты жалпы құқықтық мәселелер бойынша консультациялық заңгерлік қызметтер көрсетуді, сондай-ақ Орындаушының құқықтық (процестік) құжаттардың жобаларын дайындауын қамтиды. Тараптардың шарттық қатынастарға іс жүзінде кіруіне, оларды жалғастыруға және осы офертада айқындалған міндеттемелерді орындауға әкеп соққан кез келген әрекеттері әрбір Тараптың Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 387, 395-баптарының және 397-бабының 4-тармағының ережелерін түсінетінін және ұғынатынын білдіреді.

**1.2. Өндіріп алушы / Кредитор** - банк, микроқаржы ұйымы, сондай-ақ Тапсырыс берушіден берешекті өндіріп алу тапсырылған кез келген үшінші тұлғалар, оның ішінде талап ету құқығын беру (цессия) шарты шеңберінде әрекет ететін тұлғалар.

**1.3. Офертаны акцептеу** - Тапсырыс берушінің Шарттың 3.3-тармағында көрсетілген әрекеттерді жасауы арқылы офертаны толық және сөзсіз қабылдауы. Офертаны акцептеу нәтижесінде осы Шарт жасалған болып есептеледі.

**1.4. Тапсырыс беруші** - Орындаушының ақылы заңгерлік қызметтер көрсетуіне мүдделі және офертаны акцептеген азамат (жеке тұлға).

**1.5. Орындаушы** - Шарт талаптарына сәйкес заңгерлік қызметтер көрсететін «Должник Прав» ЖШС.

**1.6. Оферта** - осы «Банкроттықты заңгерлік сүйемелдеуге арналған жария оферта шарты» құжаты.

**1.7. Қызметтер көрсету кезеңі** - қызметтер көрсету кезеңі деп осы Шартта және оған қосымшаларда көзделген түпкілікті нәтижеге қол жеткізу мақсатында Орындаушы өзіне байланысты және қажетті барлық әрекеттерді жасауға міндеттенетін уақыт аралығы түсініледі.

**1.8. Көрсетілген қызметтер актісі** – қызметтердің (немесе олардың бір бөлігінің) тиісінше көрсетілгенін растайтын, Тараптар қол қоятын құжат, ал Тапсырыс беруші оған қол қоюдан жалтарған жағдайда – Орындаушы біржақты тәртіппен жасайтын құжат.

## **2. Шарттың нысанасы және елеулі міндеттемелік талаптар:**

**2.1.** Осы Шарт шеңберінде Орындаушы Шарттың қолданылу кезеңі ішінде Тапсырыс беруші осы Шартта және оған қосымшаларда белгіленген тәртіппен және мөлшерде төлейтін ақыға Қазақстан Республикасында Тапсырыс берушіні жеке тұлға ретінде банкрот деп тану рәсімін бастау мақсатында құқықтық (процестік) құжаттардың жобаларын дайындауға байланысты заңгерлік қызметтер көрсетуге, Тапсырыс беруші ұсынған мәліметтерді жүйелеуге, оның құқықтары мен міндеттерін, оның ішінде процестік құқықтары мен міндеттерін түсіндіруге міндеттенеді. **Тапсырыс берушіге №2 Қосымшаның 3-кезеңінде көрсетілген құжаттардың толық топтамасын беру қызметтер көрсетудің негізгі нәтижесі болып табылады. №4 кезең (қорытынды консультациялар беру және хабарламаларды дайындау) қосымша кезең болып табылады және негізгі нәтиже бөлігінде Шарттың орындалды деп танылуына әсер етпейді.**

**2.2.** Осы Шартты жасасу кезінде Тараптар Тапсырыс берушінің төменде көрсетілген елеулі міндеттемелік талаптарды орындауға толық әрі сөзсіз дайын екендігін негізге алады:

- Орындаушының қызметтеріне ақыны уақтылы және толық көлемде төлеу;
- Орындаушыға және/немесе Орындаушы көрсеткен тартылған мамандарға осы Шартта белгіленген міндеттемелерді іске асыру және осы Шартты орындау үшін қажетті өкілеттіктерді дереу беру;
- Орындаушы сұратқан мәліметтерді, құжаттарды және ақпаратты уақтылы әрі толық көлемде ұсыну;
- құжаттардың бұрмалануына жол бермеу мақсатында Тапсырыс беруші осы Шарт шеңберінде, сондай-ақ осы Шарт жасалғанға дейін Тараптар арасында қалыптасқан құқықтық қатынастар шеңберінде ұсынған құжаттардың түпнұсқаларын Орындаушыға танысу үшін көрсету;
- Тапсырыс беруші осы Шарт шеңберінде, сондай-ақ осы Шарт жасалғанға дейін Тараптар арасында қалыптасқан құқықтық қатынастар шеңберінде хабарлаған мәліметтерді растайтын жол берілетін және анық дәлелдемелер болып табылатын құжаттарды ұсыну.
- Орындаушы Тапсырыс берушінің сотқа немесе өзге де органдарға ұсынған құжаттар топтамасы банкроттық туралы істің қозғалуына, Тапсырыс берушінің банкрот деп танылуына, төлем қабілеттілігінің қалпына келтірілуіне немесе қандай да бір өзге заңдық не нақты нәтижеге қол жеткізілуіне әкелетініне ешқандай кепілдік (тікелей де, жанама да) бермейді.
- Төлем құжаттарды дайындау жөніндегі Орындаушының әрекеттері және осы Шарттың 3.3-тармағында және №2 Қосымшада көрсетілген өзге де қызметтер үшін жүзеге асырылады, ал соттың немесе өзге де органдардың түпкілікті шешімі үшін төленбейді.

**2.3.** Осы Шартта айқындалған көлемдегі қызметтер ауызша нысанда да, сондай-ақ осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындау үшін қажетті процестік құжаттардың жобаларын дайындау арқылы да көрсетіледі. Аталған қызметтер Тапсырыс берушінің кейіннен өзін төлем қабілетсіз деп тану туралы өтінішті сотқа өз бетінше беруі мақсатында сотқа дейінгі дайындық шегінде жүзеге асырылады.

**2.4.** Орындаушы Тапсырыс берушімен келісу бойынша қосымша қызметтер көрсете алады. Егер мұндай қосымша қызметтер, олардың құны және есеп айырысу тәртібі осы Шартта және оған қосымшаларда көзделмесе, оларды көрсету тәртібі, мерзімдері мен тәсілін Тараптар жеке тәртіппен айқындайды. Тараптар Тапсырыс беруші келісілген төлемдерден артық енгізген, мақсаты анықталмаған немесе Тараптар арасында алдын ала келісілмеген кез келген төлемдерді

Орындаушының нақты мән-жайларды негізге ала отырып, өз пайымдауы бойынша және осы Шартқа қосымшаларда белгіленген қызметтер құнын есептеу тәртібін ескере отырып бөлуге құқылы екендігімен келіседі.

**2.5.** Тараптар осы Шарт бойынша қызметтер кезең-кезеңімен көрсетілетіні туралы келісті. Әрбір кезеңнің құны Тапсырыс беруші таңдаған тарифтік жоспарға байланысты Шарттың №1 Қосымшасында белгіленген **қызметтердің жалпы құнының пайыздық мөлшерінде** айқындалады.

**2.6.** Кезеңдердің тізбесі, олардың пайыздық арақатынасы және әрбір кезеңнің аяқталғанын растайтын құжат №2 қосымшада белгіленген.

### **3. Қызметтер көрсету талаптары және ақы төлеу тәртібі:**

**3.1.** Қызметтер Тапсырыс беруші №1 қосымшада көзделген тарифтік жоспарлардың ішінен таңдаған ақы төлеу тәртібіне сәйкес көрсетіледі. Бөліп төлеу тәсілі таңдалған жағдайда Тапсырыс беруші ай сайынғы немесе өзге де мерзімді төлемдерді **осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын Төлемдер кестесінде** көрсетілген мөлшерде және мерзімдерде қатаң түрде енгізуге міндеттенеді (Шартқа №3 Қосымша).

**3.2.** Осы Шарт бойынша көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу Орындаушының есеп айырысу шотына ақша қаражатын аудару арқылы не Орындаушының кассасына қолма-қол ақша енгізу арқылы жүзеге асырылады.

**3.3.** Орындаушының заңгерлік қызметтер көрсетуі мыналарды қамтиды:

- Қазақстан Республикасында жеке тұлғаны банкрот деп тану тәртібіне қатысты ережелерді түсіндіру;
- Тапсырыс беруші ұсынған мәліметтерді жүйелеу, жинақтау және өңдеу;
- банкроттық рәсіміне қатысушылардың құқықтары мен процестік міндеттерін түсіндіру;
- Тапсырыс беруші ұсынған түсініктемелер, құжаттар мен ақпарат негізінде оның мүлдіктік жағдайына талдау жүргізу;
- сот қарайтын банкроттық туралы іске қатысушылардың процестік құқықтарын түсіндіру;
- жеке тұлғаны төлем қабілетсіз (банкрот) деп тану туралы сот ісін жүргізуді бастау үшін Тапсырыс беруші тарапынан жасалуы ықтимал қажетті әрі негізді әрекеттердің болжамды тізбесін айқындау, сондай-ақ Тапсырыс берушінің мұндай істі орынды және тиісінше жүргізуіне қатысты ұсынымдар беру;
- Тапсырыс берушіге құқықтық мәселелер бойынша консультация беру, ұсынылған құжаттар мен түсініктемелерді негізге ала отырып, құқықтары мен мүдделерін қорғаудың ықтимал нысандары мен тәсілдері және (немесе) қойылған міндеттерді шешу нұсқалары туралы мүмкіндігінше толық ақпарат ұсыну;
- Тапсырыс берушіні қызықтыратын жеке тұлғаны төлем қабілетсіз (банкрот) деп тануға қатысты өзге ақпаратты толық немесе ішінара ұсыну;
- Тапсырыс берушіге осы Шарттың қолданылу кезеңінде туындауы мүмкін тәуекелдер туралы ескерту;
- Тапсырыс берушінің азаматты (жеке тұлғаны) төлем қабілетсіз (банкрот) деп тану туралы өтініш беруі мақсатында процестік құжаттарды дайындау, оның ішінде мемлекеттік органдар мен мекемелерге, банктерге, кредиттік және микроқаржы ұйымдарына сұрау салулар жолдау, Тапсырыс берушіге қатысты анықтамалар мен үзінді көшірмелер алу;
- Орындаушының пайымдауы және қалауы бойынша осы тармақта тікелей көзделмеген, бірақ Тапсырыс берушіні төлем қабілетсіз (банкрот) деп тану рәсіміне дайындық шеңберінде оның құқықтары мен мүдделерін қорғауға бағытталған өзге де әрекеттерді жасау.

\* Қызметтердің тізбесі түпкілікті болып табылмайды және Орындаушының қалауы бойынша Тапсырыс берушінің мүдделерін қорғауға бағытталған өзге де әрекеттер қосымша ақы алынбастан жүзеге асырылуы мүмкін.

**3.4.** Заңнамада көзделген негіздер бойынша банкроттық туралы сот ісін қозғаудың мүмкін болмауы, мұндай мүмкін еместіктің себептеріне қарамастан, іс бойынша іс жүргізудің тоқтатылуы, татуласу келісімінің жасалуы, даудың медиация тәртібімен шешуге берілуі, банкроттық рәсіміне тартылған тұлғалардың Тапсырыс беруші алдын ала болжай алмаған процестік және процестен тыс әрекеттері, сондай-ақ соттың Тапсырыс берушінің күтулеріне және жоспарларына сәйкес келмейтін шешім қабылдауы Орындаушыға қандай да бір мүліктік немесе мүліктік емес талаптар қою үшін дербес негіз болып табылмайды және осы Шарт шеңберінде нақты көрсетілген қызметтерді бағалау өлшемшарты болып саналмайды. Тапсырыс беруші төлемді қандай да бір заңдық немесе нақты нәтиже үшін емес, процестік әрекеттерді жүзеге асыру және құжаттарды дайындау үшін төлейтінін растайды.

**3.5.** Тапсырыс берушінің бастамасы бойынша Шарт Орындаушы қызметтер көрсетуге кіріскеннен кейін бұзылған жағдайда, Тапсырыс беруші №2 Қосымшаға сәйкес нақты аяқталған кезеңдердің (қол қойылған Актілермен расталған) құнын төлеуге міндетті, ал Тапсырыс беруші Актіге қол қоядан жалтарған жағдайда – 7-бөлімде көзделген тәртіппен жасалған біржақты Акт негізінде төлем жүргізіледі. Қол қойылған немесе біржақты тәртіппен жасалған Акт болмаған жағдайда, нақты көрсетілген қызметтердің құны жұмсалған уақытқа пропорционалды түрде (сағатына \_\_\_\_\_ теңге есебімен) не Орындаушының қалауы бойынша айқындалады.

**3.6.** Тапсырыс берушінің Шарттан біржақты соттан тыс тәртіппен бас тартуына Орындаушыны кемінде 10 жұмыс күні бұрын жазбаша хабардар ету және хабарлама алынған күнге дейін нақты көрсетілген қызметтердің құнын толық төлеу шартымен ғана жол беріледі. Нақты көрсетілген қызметтердің құны төленбеген жағдайда Орындаушы толық есеп айырысу жүргізілгенге дейін алдын ала төленген соманы қайтармауға құқылы. Алдын ала төлем сомасы нақты көрсетілген қызметтердің құнын өтеуге жеткіліксіз болған жағдайда, Тапсырыс беруші айырма сомасын 3 жұмыс күні ішінде қосымша төлеуге міндетті; олай болмаған жағдайда Орындаушы бұл соманы сот тәртібімен өндіріп алуға құқылы.

#### **4. Тараптардың құқықтары мен міндеттері:**

##### **4.1. Тапсырыс беруші міндетті:**

**4.1.1.** Жан-жақты әрі негізделген заңгерлік көмек көрсету мақсатында Орындаушыға сұратылған қызметтерге қатысты өзіне белгілі барлық мән-жайларды хабарлауға.

**4.1.2.** Орындаушының Шарт бойынша көрсететін қызметтерін кідіріссіз қабылдауға.

**4.1.3.** Соттардың кеңселерінен, кредиттік мекемелерден немесе микроқаржы ұйымдарынан және өзге де ұйымдардан алынған құжаттарды алған кезден бастап екі күн ішінде Орындаушыға беруге.

**4.1.4.** Орындаушы көрсеткен қызметтерге Шартта белгіленген тәртіппен және мерзімдерде ақы төлеуге.

**4.1.5.** Тапсырыс берушінің талабын орындауға қатысты Орындаушыдан алынған ұсынымдарды (нұсқауларды) орындауға, сондай-ақ Тапсырмаға қатысты кез келген әрекеттерді Орындаушымен міндетті түрде алдын ала келісу арқылы жасауға. Тапсырыс беруші Орындаушымен келіспей жасаған

әрекеттердің салдарынан қолайсыз нәтижелер туындаған жағдайда, Орындаушы мұндай салдарлар үшін жауапты болмайды.

**4.1.6.** Орындаушымен келісу бойынша, Тапсырыс берушінің талабын орындау үшін қажетті шығыстарды, оның ішінде мемлекеттік бажды, жедел пошта қызметтерін және өзге де шығыстарды, егер мұндай шығыстар туындаса, төлеуге.

**4.1.7.** Қызметтерден бас тартқан жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Орындаушыны тиісті түрде жазбаша хабардар етуге.

#### **4.2. Тапсырыс беруші құқылы:**

**4.2.1.** Осы Шарттың 3.4-тармағында көрсетілген заңгерлік қызметтердің толық көлемін алуға.

**4.2.2.** Осы Шарттың талаптарын өзгертуге немесе осы Шарт бойынша міндеттемелерді тоқтатуға.

**4.2.3.** Тапсырыс беруші қызметтердің көрсетілу барысы туралы ақпаратты Орындаушының электрондық поштасына немесе «WhatsApp» мессенджеріне айына бір реттен жиі емес жазбаша сұрау салу арқылы алуға құқылы. Сұрау салуға жауап 5 жұмыс күні ішінде беріледі.

#### **4.3. Орындаушы міндетті:**

**4.3.1.** Осы Шартта айқындалған міндеттемелердің адалдық және парасаттылық қағидаттарына сәйкес орындалуын қамтамасыз ету. Қызметтерді немесе олардың жекелеген кезеңдерін көрсетудің нақты мерзімдері белгіленбейді, өйткені олар Тапсырыс берушінің құжаттар мен мәліметтерді уақтылы ұсынуына, сондай-ақ мемлекеттік органдардың, банктердің және өзге де үшінші тұлғалардың жауап беру мерзімдеріне байланысты болады. Орындаушы тиісті кезеңдерді мүмкіндігінше қысқа мерзімдерде орындау үшін ақылға қонымды күш-жігер жұмсайды, алайда **Тапсырыс берушінің немесе үшінші тұлғалардың әрекеттерінен не әрекетсіздігінен туындаған кідіріс Шартты бұзу болып табылмайды және Тапсырыс берушіге Шартты бұзуға, төленген соманы қайтаруды талап етуге немесе тұрақсыздық айыбын өндіріп алуға құқық бермейді. Қызметтерді көрсету мерзімдері осы Шарттың елеулі талабы болып табылмайды.**

**4.3.2.** Егер осы Шарттың мақсаттары үшін немесе Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын орындау үшін өзгеше қажет болмаса, Тапсырыс берушінің жеке басына қатысты мәліметтердің, осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындау барысында алынған ақпараттың, сондай-ақ Тапсырыс беруші және іске қатысушы өзге де тұлғалар ұсынған құжаттардың мазмұнының сақталуын және құпиялылығын қамтамасыз етуге.

**4.3.3.** Тапсырыс берушінің жазбаша талабы бойынша оған Тапсырма шеңберінде жасалатын барлық әрекеттер туралы ақпарат беруге.

**4.3.4.** Егер өзгеше келісілмесе, Тапсырыс берушінің тапсырмасы бойынша қосымша ақыға процестік өкілдікті жүзеге асыруға, сондай-ақ оның үшінші тұлғалармен қатынастарында мүдделерін білдіруге.

#### **4.4. Орындаушы құқылы:**

**4.4.1.** Адалдық және сақтық қағидаттарын басшылыққа ала отырып, Тапсырыс берушіге көрсетілетін қызметтердің көлемі мен тәсілін дербес айқындауға.



**4.4.2.** Тапсырыс берушіден қажетті ақпаратты, сондай-ақ анықталған немесе анықталуға жататын мән-жайларды растайтын құжаттарды талап етуге.

Тараптар Тапсырыс беруші тиісті құжаттың түпнұсқасын немесе Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында көзделген тәртіппен куәландырылған көшірмесін ұсынуға дайын болмаған жағдайда, Орындаушының осы Шарт шеңберінде кейіннен пайдалану мақсатында мұндай құжаттың көшірмесін қабылдаудан бас тартуға құқылы екендігін жеке келіседі. Аталған көшірменің қабылданбауынан туындайтын салдарлардың тәуекелі Тапсырыс берушіге жүктеледі.

**4.4.3.** Тапсырыс берушінің Тапсырмасын орындау үшін үшінші тұлғаларды біржақты тәртіппен тартуға.

**4.4.4.** Қызмет көрсету сапасын бақылау мақсатында Тапсырыс беруші Орындаушыға жүгінген кезде, сондай-ақ Орындаушы Тапсырыс берушіге консультация берген кезде телефон арқылы жүргізілген сөйлесулерді жазып алуға және мұндай жазбаларды тиісті жүгіну фактісін растау үшін пайдалануға.

**4.4.5.** Тапсырыс беруші Көрсетілген қызметтер актісіне қол қоюдан жалтарған жағдайда, мұндай Актіні біржақты тәртіппен жасауға және оны тапсырысты хатпен немесе «WhatsApp» мессенджері арқылы жіберуге.

**4.4.6.** Тапсырыс беруші нақты көрсетілген қызметтердің құнын толық төлегенге дейін немесе қажетті құжаттарды ұсынғанға дейін қызметтер көрсетуді тоқтата тұруға.

## **5. Шарттың қолданылу мерзімі:**

**5.1.** Шарт Тапсырыс беруші оны осы Шарттың 1.3-тармағында белгіленген тәртіппен акцептеген сәттен бастап күшіне енеді және құжаттардың толық топтамасының берілгенін растайтын №3 кезең бойынша Актіге Тараптар қол қойғанға дейін қолданылады. №4 кезең Орындаушыға байланысты емес мән-жайлар бойынша, оның ішінде Тапсырыс берушінің жалтаруына байланысты орындалмаған жағдайда, бұл Шарттың тоқтатылуына кедергі келтірмейді. Бұл жағдайда №4 кезеңнің құны төленуге жатпайды, ал егер ол бұрын төленген болса, төленген сома қайтарылады.

**5.2.** Егер Тапсырыс беруші Актіге қол қоюдан жалтарса, Орындаушы құжаттардың және Актінің дайын екендігі туралы хабарламаны «WhatsApp» мессенджері арқылы жібергеннен кейін 3 жұмыс күні өткен соң қызметтер Тапсырыс беруші тарапынан қабылданған болып есептеледі.

## **6. Қосымша талаптар:**

**6.1.** Осы Шарттың Тарабы Шарт талаптарының бұзылуы еңсерілмейтін күш мән-жайларының (форс-мажордың) әсерінен туындаған жағдайда мұндай бұзушылық үшін жауапты болмайды. Аталған мән-жайларға, бірақ олармен шектелмей, мемлекеттік билік органдарының әрекеттері, өрт, су тасқыны, жер сілкінісі, өзге де табиғи апаттар, электр энергиясының болмауы және/немесе компьютерлік желінің жұмысындағы іркілістер, ереуілдер, азаматтық толқулар, тәртіпсіздіктер, сондай-ақ осы Шарт талаптарының орындалуына әсер етуі мүмкін өзге де кез келген мән-жайлар жатады.

**6.2.** Тараптар қызметтердің тек қашықтан көрсетілетінін және Орындаушының кеңестерге, кездесулерге немесе тапсырманы орындаудың өзге де бетпе-бет нысандарына тікелей қатысуын

көздемейтінін жеке келіседі. Қызметтер заңдық маңызы бар хабарламаларды жіберу және электрондық пошта арқылы құжаттар алмасу жолымен көрсетіледі.

**6.3.** Тараптар Тапсырыс берушінің телефон нөмірі бойынша WhatsApp мессенджері арқылы құжаттар алмасуды және байланыс жасауды тиісті тәсіл деп таниды. Тапсырыс беруші WhatsApp мессенджеріндегі хабарламаларды тексеруге міндетті.

**6.4.** Тапсырыс беруші кредитордың кепілге қойылған мүлікке өндіріп алуды қолдануына (оны өткізуге / кредитордың балансына беруге), оның ішінде ипотекаға сатып алынған мүлікке қатысты, сондай-ақ Тапсырыс берушінің кредит бойынша төлемдерді жүзеге асыра алмауына байланысты туындайтын барлық ықтимал тәуекелдерді түсінеді, ұғынады және өзіне қабылдайды. Орындаушы Тапсырыс берушінің кепілге қойылған мүлкінің, оның ішінде ипотекаға сатып алынған мүлкінің сақталуына қатысты қандай да бір нысанда уәде немесе кепілдік бермейді.

**6.5.** Тапсырыс берушіге Орындаушы «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Заңға және Қазақстан Республикасының «Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы» Заңына сәйкес кредитордың кепілге қойылған мүлікке, оның ішінде жылжымайтын мүлікке өндіріп алуды қолдану тәуекелі туралы ескертті. Тапсырыс беруші Орындаушыға жұмыс жүргізу үшін берген кредиттік шарттар (қарыз шарттары) бойынша кредиттік міндеттемелерге байланысты кредитордың кепілге қойылған мүлікке өндіріп алуды қолдануы үшін Орындаушы жауапты болмайды.

**6.6.** Осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапты болады. Барлық даулар мен келіспеушіліктер Тараптардың келіссөздері арқылы шешіледі. Келіссөздер арқылы реттелмеген даулар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сот тәртібімен шешілуге жатады.

**6.7.** Тараптар көрсетілетін заңгерлік қызметтердің материалдық нәтижеге әкелмеуі мүмкін екенін түсінеді.

**6.8. Тапсырыс беруші Шарт жасалғанға дейін оған төмендегі жағдайлардың түсіндірілгенін растайды:**

- Қазақстан Республикасында жеке тұлғалардың банкроттық рәсімінен өту тәртібі;
  - Орындаушының оң сот актісінің шығарылуына кепілдік бермейтіні;
  - Орындаушының сотта өкіл ретінде іс жүргізбейтіні;
  - Кепілге қойылған мүлікке өндіріп алуды қолдану мүмкіндігі және банкроттық рәсіміне байланысты өзге де тәуекелдер.
- Тапсырыс беруші тәуекелдерді өз бетінше бағалайды және қызметтер үшін төлемді соттың немесе қаржы басқарушысының шешімімен байланыстырмайды.

**6.9. Орындаушының жауапкершілігі залалдың туындауына байланысты нақты төленген қызметтің құнымен шектеледі және жіберіп алған пайданы, моральдық зиянды және өзге де жанама залалдарды қамтымайды.** Егер Тапсырыс берушінің өз бетінше жасаған әрекеттері (қате жіберілген құжаттарды беру, мерзімдерді өткізіп алу және т.б.) Орындаушымен жазбаша түрде келісілмеген болса, Орындаушы осындай әрекеттердің салдарынан туындаған зардаптар үшін жауапты болмайды.

**6.10.** Тараптар заңдық маңызы бар құжаттармен, актілермен, хабарламалармен және өзге де ақпаратпен алмасу офертаны акцептеу кезінде Тапсырыс беруші көрсеткен телефон нөмірі бойынша **WhatsApp** мессенджері арқылы жүзеге асырылуы мүмкін деп келісті. WhatsApp арқылы хабарлама,

құжат немесе акт жіберу Орындаушының Тапсырыс берушіге ақпарат немесе құжаттар беру жөніндегі міндетін тиісінше және жеткілікті түрде орындауы болып танылады. Хабарламаның жіберілген уақыты және оның алынған фактісі мессенджердегі тиісті белгілермен (жеткізілді, оқылды) айқындалады. Тараптар WhatsApp мессенджеріндегі хат алмасуды сотта жазбаша дәлелдеме ретінде пайдалануға болатынымен келіседі.

## 7. Қызметтерді тапсыру-қабылдау тәртібі

7.1. Қызметтер көрсету (немесе жекелеген кезең) аяқталғаннан кейін Орындаушы Көрсетілген қызметтер актісін екі данада жасайды және оны Тапсырыс берушіге WhatsApp мессенджері арқылы жібереді.

7.2. Тапсырыс беруші **3 (үш) жұмыс күні** ішінде Актіге қол қоюға немесе жазбаша негізделген қарсылықтарын жолдауға міндетті. Көрсетілген мерзімде қарсылықтар келіп түспеген жағдайда қызметтер қабылданған, ал Акт Тапсырыс беруші тарапынан қол қойылған болып есептеледі.

7.3. Негізделген қарсылықтар болған жағдайда Тараптар анықталған кемшіліктердің тізбесі және оларды жою мерзімі көрсетілген екіжақты акт жасайды. Елеусіз кемшіліктер Актіге қол қоюдан бас тартуға негіз болып табылмайды.

7.4. Егер Тапсырыс беруші Актіні алудан жалтарса («WhatsApp» мессенджеріндегі хабарламаларға жауап бермесе, тапсырысты хатты алмаса), Орындаушы **біржақты Акт** жасауға құқылы. Аталған Акт толық заңдық күшке ие болады және қызметтердің тиісінше көрсетілгенін растайды. Қызметтердің көрсетілген күні болып Актінің «WhatsApp» мессенджері арқылы жіберілген күні есептеледі.

## 8. Орындаушының мекенжайы мен деректемелері:

«Должник прав» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Заңды мекенжайы: 050031, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Қалдаяқов көшесі, 30-үй, 5-қабат

БСН (ЖСН): 230740019805

Банк: «Kaspi Bank» АҚ

БЕК: 17

БСК: CASPKZKA

Шот нөмірі: KZ34722S000029776484

Мен, төменде қол қоюшы, Шартпен және оған қосымшалармен танысқанымды, олармен келісетінімді және олардың данасын алғанымды растаймын:

\_\_\_\_\_ / \_\_\_\_\_ / \_\_\_\_\_

Тегі, аты, әкесінің аты

Тапсырыс берушінің қолы

күні



## №1 Қосымша

Консультациялық және заңгерлік қызметтер  
көрсетуге арналған Жария оферта Шартына

### ҚЫЗМЕТТЕРГЕ АҚЫ ТӨЛЕУ ТАЛАПТАРЫ

Орындаушының қызметтеріне ақы Тапсырыс беруші тарапынан қолданыстағы тарифтік жоспарда белгіленген мөлшерде төленеді. Тарифтік жоспар Тапсырыс берушінің кредиттік міндеттемелері бойынша мерзімі өткен ай сайынғы төлемдерінің мерзімі мен берешек сомасын ескере отырып айқындалады:

| Сот банкроттығы рәсімінің тарифтік жоспары                                                               |                                                                                                           |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Берешек сомасы / кредиторлар саны                                                                        | Тапсырыс берушінің кредиттік міндеттемелері бойынша мерзімі өткен төлемдер кезеңі 9 айдан аз.             |
| Тапсырыс берушінің кредиттік міндеттемелері бойынша берешек сомасы 5 000 000 ₸-ден 10 000 000 ₸-ге дейін | <b>Айына 80 000 ₸ × 15 ай (900 000 ₸)</b><br><i>100% алдын ала төлем жасаған жағдайда – 850 000 ₸</i>     |
| Тапсырыс берушінің кредиттік міндеттемелері бойынша берешек сомасы 10 000 000 ₸-ден асады                | <b>Айына 80 000 ₸ × 15 ай (1 200 000 ₸)</b><br><i>100% алдын ала төлем жасаған жағдайда – 1 100 000 ₸</i> |
| Тапсырыс берушінің кредиттік міндеттемелері бойынша берешек сомасы 5 000 000 ₸-ден аз                    | <b>Айына 45 000 ₸ / × 15 ай (675 000 ₸)</b><br><i>100% алдын ала төлем жасаған жағдайда – 635 000 ₸</i>   |

| Төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімінің тарифтік жоспары                             |                                                                                                      |
|---------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Берешек сомасы                                                                              | Құны                                                                                                 |
| Тапсырыс берушінің кредиттік міндеттемелері бойынша берешек сомасы 8 000 000 теңгеден аз    | <b>Айына 80 000 ₸ × 6 ай (480 000 ₸)</b><br><i>100% алдын ала төлем жасаған жағдайда – 450 000 ₸</i> |
| Тапсырыс берушінің кредиттік міндеттемелері бойынша берешек сомасы 8 000 000 теңгеден асады | <b>Айына 90 000 ₸ × 6 ай (540 000 ₸)</b><br><i>100% алдын ала төлем жасаған жағдайда – 500 000 ₸</i> |

| Жеңілдіктер мен арнайы талаптар                                                                                  |                                                                                                                        |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1.                                                                                                               | I немесе II топтағы мүгедектігі құжатпен расталған азаматтарға таңдалған тарифке 10%-ға дейін жеңілдік беріледі.       |
| 2.                                                                                                               | Ерлі-зайыптылармен бір күнтізбелік ай ішінде шарттар жасалған жағдайда, әрбір клиентке 10%-ға дейін жеңілдік беріледі. |
| <b>Жеңілдіктер, акциялар және арнайы ұсыныстар өзара қосылмайды және тек бір негіз бойынша ғана қолданылады.</b> |                                                                                                                        |

Заңгерлік қызметтерге ақы төлеу талаптарымен таныстым:

Т.А.Ә.: \_\_\_\_\_ Қолы: \_\_\_\_\_

## №2 Қосымша

Консультациялық және заңгерлік қызметтер  
көрсетуге арналған Жария оферта Шартына

Кезеңдердің тізбесі, олардың пайыздық арақатынасы және кезеңнің аяқталғанын растайтын құжат

| Кезең № | Кезеңнің атауы                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  | Жалпы<br>құнның % | Растаушы<br>құжат                                          |
|---------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------|------------------------------------------------------------|
| 1-кезең | Алғашқы ауызша консультация беру, Тапсырыс беруші ұсынған құжаттарға құқықтық талдау жүргізу, тәуекелдер мен банкроттық рәсімінің тәртібін түсіндіру.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           | 20%               | 1-кезең бойынша қол қойылған Көрсетілген қызметтер актісі. |
| 2-кезең | Мемлекеттік органдарға сұрау салулар дайындау, оның ішінде тіркелген ірі қара малдың бар-жоғы туралы және бағалы қағаздардың бар-жоғы туралы ақпарат ұсыну жөніндегі сұрау салулар; банктерге, кредиттік және микроқаржы ұйымдарына сұрау салулар дайындау, оның ішінде кредиторларға дербес деректерді өңдеуге берілген келісімді кері қайтарып алу туралы хабарлама, құжаттарды ұсыну туралы сұрау салу (берешек сомасының егжей-тегжейлі есебі, банктік қарыз шартының көшірмесі, шот бойынша үзінді көшірме), сақтандыру шартының, қосымша қызметтердің және комиссиялардың бар-жоғы туралы мәліметтер ұсыну жөніндегі сұрау салу; жауаптарды алу, Тапсырыс | 20%               | 2-кезең бойынша қол қойылған Көрсетілген қызметтер актісі. |

| Кезең № | Кезеңнің атауы                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         | Жалпы<br>құнның % | Растаушы<br>құжат                                          |
|---------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------|------------------------------------------------------------|
| 3-кезең | <p>берушінің берешегі мен мүлкі туралы мәліметтерді жүйелеу.</p> <p>Сотқа ұсыну үшін процестік құжаттардың толық топтамасын дайындау: банкроттық туралы өтініш, кредиторлардың тізімі, мүлік тізімдемесі, мемлекеттік бажды төлеуге арналған түбіртек, Тапсырыс берушіге қатысты тіркелген көлік құралдарының бар-жоғы туралы анықтама алу жөніндегі сұрау салу, тіркелген жылжымайтын мүліктің бар-жоғы туралы анықтама алу жөніндегі сұрау салу, соттылығының бар-жоғы туралы анықтама алу жөніндегі сұрау салу.</p> | 50%               | 3-кезең бойынша қол қойылған Көрсетілген қызметтер актісі. |
| 4-кезең | <p>Құжаттарды сотқа беру тәртібі бойынша қорытынды консультациялар беру, Тапсырыс берушінің сұрақтарына жауап беру, соттың сот банкроттығы рәсімін қолдану туралы өтінішті қабылдағаны жөнінде кредиторларға хабарламалар дайындау, кредиторлардың хабардар етілгенін растайтын құжаттарды іс</p>                                                                                                                                                                                                                      | 10%               | 4-кезең бойынша қол қойылған Көрсетілген қызметтер актісі. |

| Кезең № | Кезеңнің атауы | Жалпы<br>құнның % | Растаушы<br>құжат |
|---------|----------------|-------------------|-------------------|
|---------|----------------|-------------------|-------------------|

материалдарына қоса тіркеу  
туралы өтінішхат дайындау.

Орындаушының әрбір кезең бойынша міндеттемелері Тараптар тиісті Көрсетілген қызметтер актісіне қол қойған сәттен бастап тиісінше орындалған болып есептеледі. Тапсырыс беруші Актіге қол қоюдан жалтарған жағдайда, Шартта көзделген тәртіп сақтала отырып, Орындаушы біржақты тәртіппен жасаған Акт негізінде міндеттемелер тиісінше орындалған болып есептеледі.

Заңгерлік қызметтерге ақы төлеу талаптарымен таныстым:

Т.А.Ә.: \_\_\_\_\_ Қолы: \_\_\_\_\_

1-кезең бойынша көрсетілген қызметтер  
АКТІСІ

« » \_\_\_\_\_ 20\_\_

«Должник Прав» ЖШС басшысы Ф.Н. Тажетдиновтың тұлғасында, бұдан әрі «Орындаушы» деп аталып бір тараптан және \_\_\_\_\_, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталып екінші тараптан, төмендегілер туралы осы Актіні жасады.

« » \_\_\_\_\_ 20 ж. жасалған консультациялық және заңгерлік қызметтер көрсетуге арналған Жария оферта шарты бойынша \_\_\_\_\_ бастап \_\_\_\_\_ дейінгі кезеңде Орындаушы төменде көрсетілген қызметтерді көрсетті, ал Тапсырыс беруші оларды қабылдады:

| №  | Қызметтің атауы                                                                                                                                                                                                                                                                           |
|----|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1. | Алғашқы ауызша консультация                                                                                                                                                                                                                                                               |
| 2. | Ұсынылған құжаттарға құқықтық талдау жүргізу                                                                                                                                                                                                                                              |
| 3. | Қазақстан Республикасында жеке тұлғаны банкрот деп тану тәртібіне қатысты ережелерді түсіндіру                                                                                                                                                                                            |
| 4. | Жеке тұлғаны төлем қабілетсіз (банкрот) деп тану туралы сот ісін жүргізуді бастау үшін Тапсырыс беруші тарапынан жасалуы ықтимал қажетті әрі негізді әрекеттердің болжамды тізбесін айқындау, сондай-ақ Тапсырыс берушіге мұндай істі орынды және тиісінше жүргізу жөнінде ұсынымдар беру |

1. Тапсырыс беруші Орындаушының Шарт шеңберінде көрсеткен қызметтерін қабылдайды және көрсетілген қызметтердің сапасына, көлеміне және мерзімдеріне қатысты наразылықтары жоқ екенін растайды.
2. Осы Акт бірдей заңдық күші бар екі данада, Тараптардың әрқайсысына бір данадан жасалды.

«Тапсырыс беруші»

«Орындаушы»

\_\_\_\_\_/\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_/\_\_\_\_\_

2-кезең бойынша көрсетілген қызметтер  
АКТІСІ

« » \_\_\_\_\_ 20\_\_

«Должник Прав» ЖШС басшысы Ф.Н. Тажетдиновтың тұлғасында, бұдан әрі «Орындаушы» деп аталып бір тараптан және \_\_\_\_\_, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталып екінші тараптан, төмендегілер туралы осы Актіні жасады.

« » \_\_\_\_\_ 20 ж. жасалған консультациялық және заңгерлік қызметтер көрсетуге арналған Жария оферта шарты бойынша \_\_\_\_\_ бастап \_\_\_\_\_ дейінгі кезеңде Орындаушы төменде көрсетілген қызметтерді көрсетті, ал Тапсырыс беруші оларды қабылдады:

| №  | Қызметтің атауы                                                                                                                                                 |
|----|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1. | Тіркелген ірі қара малдың бар-жоғы туралы сұрау салуды дайындау                                                                                                 |
| 2. | Бағалы қағаздардың бар-жоғы туралы ақпарат ұсыну жөніндегі сұрау салуды дайындау                                                                                |
| 3. | Үшінші тұлғалардың дербес деректерін өңдеуге берілген келісімді кері қайтарып алу туралы Кредиторға өтініш дайындау                                             |
| 4. | Кредиторға құжаттарды ұсыну туралы сұрау салуды дайындау (берешек сомасының егжей-тегжейлі есебі, банктік қарыз шартының көшірмесі, шот бойынша үзінді көшірме) |
| 5. | Сақтандыру шартының, қосымша қызметтердің және комиссиялардың бар-жоғы туралы мәліметтер ұсыну жөніндегі сұрау салуды дайындау                                  |
| 6. | Кредиторлардың жауаптарына талдау жүргізу                                                                                                                       |
| 7. | Тапсырыс берушінің берешегі мен мүлкі туралы мәліметтерді жүйелеу                                                                                               |

1. Тапсырыс беруші Орындаушының Шарт шеңберінде көрсеткен қызметтерін қабылдайды және көрсетілген қызметтердің сапасына, көлеміне және мерзімдеріне қатысты наразылықтары жоқ екенін растайды.
2. Осы Акт бірдей заңдық күші бар екі данада, Тараптардың әрқайсысына бір данадан жасалды.

«Тапсырыс беруші»

«Орындаушы»

\_\_\_\_\_ / \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ / \_\_\_\_\_



3-кезең бойынша көрсетілген қызметтер  
АКТІСІ

« » \_\_\_\_\_ 20\_\_

«Должник Прав» ЖШС басшысы Ф.Н. Тажетдиновтың тұлғасында, бұдан әрі «Орындаушы» деп аталып бір тараптан және \_\_\_\_\_, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталып екінші тараптан, төмендегілер туралы осы Актіні жасады.

« » \_\_\_\_\_ 20 ж. жасалған консультациялық және заңгерлік қызметтер көрсетуге арналған Жария оферта шарты бойынша \_\_\_\_\_ бастап \_\_\_\_\_ дейінгі кезеңде Орындаушы төменде көрсетілген қызметтерді көрсетті, ал Тапсырыс беруші оларды қабылдады:

| №  | Қызметтің атауы                                                                                                                                                                                       |
|----|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1. | Тапсырыс берушіге қатысты тіркелген көлік құралдарының бар-жоғы туралы анықтаманы алу және Тапсырыс берушіге беру қызметі көрсетілді (сұрау салу Тапсырыс берушінің жеке кабинеті арқылы жолданды).   |
| 2. | Тапсырыс берушіге қатысты тіркелген жылжымайтын мүліктің бар-жоғы туралы анықтаманы алу және Тапсырыс берушіге беру қызметі көрсетілді (сұрау салу Тапсырыс берушінің жеке кабинеті арқылы жолданды). |
| 3. | Тапсырыс берушіге қатысты соттылығының бар-жоғы туралы анықтаманы алу және Тапсырыс берушіге беру қызметі көрсетілді (сұрау салу Тапсырыс берушінің жеке кабинеті арқылы жолданды).                   |
| 4. | Сот банкроттығы рәсімін қолдану туралы өтінішті дайындау                                                                                                                                              |
| 5. | Тапсырыс берушінің кредиторлар тізімін дайындау                                                                                                                                                       |
| 6. | Тапсырыс берушінің мүлкіне тізімдеме дайындау                                                                                                                                                         |
| 7. | Мемлекеттік бажды төлеуге арналған түбіртекте қалыптастыру                                                                                                                                            |

1. Тапсырыс беруші Орындаушының Шарт шеңберінде көрсеткен қызметтерін қабылдайды және көрсетілген қызметтердің сапасына, көлеміне және мерзімдеріне қатысты наразылықтары жоқ екенін растайды.
2. Осы Акт бірдей заңдық күші бар екі данада, Тараптардың әрқайсысына бір данадан жасалды.

«Тапсырыс беруші»

\_\_\_\_\_ / \_\_\_\_\_

«Орындаушы»

\_\_\_\_\_ / \_\_\_\_\_

4-кезең бойынша көрсетілген қызметтер  
АКТІСІ

« » \_\_\_\_\_ 20\_\_

«Должник Прав» ЖШС басшысы Ф.Н. Тажетдиновтың тұлғасында, бұдан әрі «Орындаушы» деп аталып бір тараптан және \_\_\_\_\_, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталып екінші тараптан, төмендегілер туралы осы Актіні жасады.

« » \_\_\_\_\_ 20 ж. жасалған консультациялық және заңгерлік қызметтер көрсетуге арналған Жария оферта шарты бойынша \_\_\_\_\_ бастап \_\_\_\_\_ дейінгі кезеңде Орындаушы төменде көрсетілген қызметтерді көрсетті, ал Тапсырыс беруші оларды қабылдады:

| №  | Қызметтің атауы                                                                                                |
|----|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1. | Құжаттарды сотқа беру тәртібі бойынша консультациялар беру                                                     |
| 2. | Сот банкроттығы рәсімін қолдану туралы өтініштің қабылданғаны жөнінде кредиторларға хабарламалар дайындау      |
| 3. | Кредиторлардың хабардар етілгенін растайтын құжаттарды іс материалдарына қоса тіркеу туралы өтінішхат дайындау |

1. Тапсырыс беруші Орындаушының Шарт шеңберінде көрсеткен қызметтерін қабылдайды және көрсетілген қызметтердің сапасына, көлеміне және мерзімдеріне қатысты наразылықтары жоқ екенін растайды.
2. Осы Акт бірдей заңдық күші бар екі данада, Тараптардың әрқайсысына бір данадан жасалды.

**«Тапсырыс беруші»**

**«Орындаушы»**

\_\_\_\_\_/\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_/\_\_\_\_\_